

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Филология факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**  
14 қараша, 2025 жыл

**Астана, 2025**

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

**Жалпы редакциясын басқарған:**  
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

**Редакция алқасы:** Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»** көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

## МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз .....	3
Құттықтаулар .....	5

### Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені .....	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама .....	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы .....	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы .....	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları .....	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері .....	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri .....	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики .....	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде) .....	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы .....	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы .....	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

### 1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты .....	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай .....	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні) .....	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі .....	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық .....	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры .....	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар .....	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру .....	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет .....	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері .....	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

## **2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері .....	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист .....	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында .....	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері .....	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде) .....	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы .....	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор .....	251

## **3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде) .....	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек .....	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida) .....</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini .....</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары .....</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері .....</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері .....</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері) .....</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы .....</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы .....</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде) .....</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер .....</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты .....</i>	366

### **Foydalanilgan adabiyotlar:**

- 1.Алавия М. Ўзбек халқ маросим кўшиқлари. -Т.: “Фан”. 1974. -Б-224.
- 2.Бўронов А. Ёрга етар кун борми, ёронлар?...//Маънавий ҳаёт. -Т.: 2022, №3, 66-69-бетлар.
- 3.Боқиев О. Уйғур халқ лирик шеърляти. -Т.: “Фан” нашриёти, 1978. -Б-192. б. 71.
- 4.Иванов П.В. Очерки по истории Средней Азии (XVI-середи́на XIX в. ) – Москва, Восточной литературы . 1958. – С. 9. (251с)
- 5.Муродова М. Ўзбек никоҳ тўй фольклорининг жанрлар таркиби ва бадиияти (Ўрта Зарафшон воҳаси материаллари асосида). Филол...фан. бўйича фал. док. (PhD) дисс... автореферати. -Т.: 2018. 19-бет.
- 6.Носиров Р. Халқ кўшиқлари композицияси. –Т.: 2006, -Б-180. 113-бет.
- 7.Сильченко М. Обрядово-бытовая поэзия // История казахской литературы. -Т.: 1. Казахский фольклор.– Алма-Ата, 1968. – С. 135.
- 8.Тўхлиев Б. Юсуф Хос Ҳожиб ва туркий халқлар фольклори. -Т.: “Bayoz” нашриёти. 2013. 112-бет.
- 9.Қиличев Т. Хоразмда никоҳ тўйи кўшиқлари ва халқлар ижоди// Ўзбек тили ва адабиёти журнали. 1985. №6. 41-44-бетлар.
- 10.Қаюмов О. “Ёр-ёр” кўшиқларида Ёр – қиз образи хусусида. Профессор-ўқитувчилар ва талабаларнинг XII анъанавий илмий амалий конференцияси материаллари тўплами. – Навоий, 1996. – Б. 88-91.

## **АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ БЕЙНЕСИНИҢ КӨРКЕМ ЖӘНЕ ДЕРЕКТІ КИНОЛАРДА СОМДАЛУЫ**

*Айман АҚТАНОВА*, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Абай академиясы» ҒЗИ, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

**Андатпа.** Мақалада Абай Құнанбайұлының бейнесінің деректі және көркем фильмдерде сомдалуы және оның әр кино түсіріліміндегі эволюциялық даму жолы туралы айтылады. Экран өнері Абай Құнанбайұлының бейнесін халыққа жақындата отырып, әр кезеңдегі әлеуметтік-мәдени талаптарға сәйкес интерпретациялады. Сондықтан да Абай тұлғасының кинодағы көріністерін зерттеу ұлттық мәдениеттегі тарихи сана мен көркемдік қабылдаудың өзгерісін пайымдауға мүмкіндік береді.

Мақаланың негізгі мақсаты – Абай бейнесінің кинодағы эволюциясын кезеңдер бойынша қарастырып, алғашқы экрандық нұсқалардан бастап бүгінгі күнге дейінгі даму жолын сараптау. Мақаланың негізгі идеясы - Абай туралы жасалған кинолардағы ақын тұлғасы мен оның шығармашылық ғұмырбаянының экранда бейнеленуіне сараланған зерттеу жүргізу. Зерттеу міндеті - Абай Құнанбайұлы түсірілген көркем және деректі фильмдердің көркемдік және деректілік сипатын саралау; көркем бейнесінің ашылуы мен көрермендерге әсерін талдау.

**Кілт сөздер:** Абай, абайтану, кино, деректілік, көркем бейне, өнердегі образ, тарихилық, көркемдік, кинодраматургия.

**Кіріспе.** Кинематография синтетикалық өнер түрі ретінде қоғам мен адамзат ғасырлар бойы бастан кешкен мәдени өзгерістердің айнасы деуге болады. Қазіргі кино жанрлардың алуан түрлілігі кинотануды ғана байытып қоймай, адам табиғатын тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Кино күрделі

эмоциялар мен идеяларды көркем бейнелер арқылы жеткізе алатын қуатты құралға айналды. Кино теориясында фильмдер мазмұны мен бейнелеу тәсіліне қарай екі негізгі түрге бөлінеді: деректі кино мен көркем кино. Бұл екі бағыттың да басты мақсаты өмірдің шындығын бейнелеу, бірақ олардың шындықты жеткізу әдістері мен көркемдік құралдары әртүрлі. Деректі кинода ғылыми деректер мен өмір шындығының нақтылы көріністері басты орында болса, көркем кинода өмір шындығы негізгі сюжет алынған көркем шығарманың авторы мен кино режиссерінің көркемдікті тану және оны көпшілікке таныту жолдарына байланысты. Бір сөзбен айтқанда авторлардың оқиғаны қандай қырынан алып шығу ұстанымына негізделеді. Екі жанр да өмір шындығынан туындайды. Көркем фильм де, деректі фильм де адам, қоғам, уақыт шындығын бейнелеуге ұмтылады. Екеуі де көрерменге белгілі бір идеяны жеткізіп, ой салуды мақсат етеді. Фильм тек ақпарат бермейді, сонымен қатар эстетикалық әсер тудырады. Оқиғаны берудегі көркемдік құралдардың ортақ болып келеді. Мәселен, монтаж, музыка, кадр композициясы, жарық, дыбыс, кадр бұрышы сияқты кино тілі элементтері екі жанрда да қолданылады. Жоғарыда атап өткендей екі жағдайда да режиссердің идеясы мен көзқарасы маңызды рөл атқарады. Себебі режиссер экрандық шындықты өз көзқарасымен өңдейді. Бұл арада режиссердің мен негізгі автордың идея берудегі ұстанымдарының ортақ болуы маңызды. Жалпы деректі киноның басты ұстанымы кинематографтың реалистік табиғатын айқындайды. Деректі кино «шындықтың айнасы» ретінде қабылданады. Бұл туралы кезінде кинотану саласында үлкен еңбектер жазған С. Эйзенштейн, А.Базен зерттеулерінде жақсы айтылған. Ал көркем кинода шындықты көркем интерпретациялау жығы басым болады, яғни режиссердің авторлық қиялы арқылы жаңаша бейнелеу тәсілі. Көрнекті кинотанушы Андре Базен көркем киноны «шындықтың поэтикалық нұсқасы» деп атаған, ал деректі киноны «шындықтың тікелей куәсі» дейді. Міне, осы анықтаулар жалпы деректі және көркем киноның арасындағы ерекшеліктерді нақтылы көрсетеді.

Қазақтың ұлы перзенті Абай Құнанбайұлы туралы түсірілген деректі кинолар мен көркем кинолардың көрермендеріне беретін рухани құндылығы мен көркемдік әсері әр заманда өз талап-деңгейінде болғаны анық.

Ақын бейнесі экранға шыққан сәттен бастап көпшілікке танымал тұлғаның жаңа образы қалыптасты. Алайда әр дәуірдің идеологиялық, эстетикалық талаптарына сай Абай бейнесі түрліше интерпретацияланып, түрлі көркемдік трансформацияға ұшырады. Бұл трансформациялар арқылы біз тек ақынның тұлғалық қырларын ғана емес, сонымен бірге қоғамның тарихи кезеңдердегі рухани-мәдени сұранысын да тани аламыз. Кино өнерінің ерекшеліктеріне байланысты ақын образының сомдалуына көркем шығармадағы автор - оқырман қатынасынан бөлек, автор - режиссер- актер-көрермен қарым-қатынасы оранауы керек болды.

Осы тұрғыдан алғанда, экрандағы көркем тұлға бейнесі тек оқиғаның баяндалуымен шектелмейді, ол визуалды метафора мен мәдени код арқылы ашылады дей келе Лора Малвей: «тарихи тұлға экранда — нақты адам емес,

мәдени жадтың символдық нұсқасы»,- деп кинодағы бейненің әсерлігіне назар адарады[1.]

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу барысында жалпы кинотануға байланысты жасалған ғылыми зерттеу еңбектері мен Абай Құнанбайұлының өмірі, шығармашылығына арналған киноларға талдаулар жасалды. Онда салыстыру, саралау, қорытынды жасау әдістері және көркем шығармаларды талдауда қолданылатын әдістер қоланылды.

**Талқылау мен бақылау.** Абай Құнанбайұлының бейнесі алғаш рет 1945 жылғы «Абай әндері» фильмінде сомдалып, көрермендерге жол тартты. Бұл кинода Абай Құнанбайұлығартушы, ойшыл, өз заманының ерекше тұлғасы болып бейнеленді. Киноның режиссерлері Ефим Арон мен Григорий Рошаль болса, киноның сценарийін Мұхтар Әуезов жазды. Абай Құнанбайұлының ақыгдық, азаматтық тұлғасын терең зерттеген Мұхтар Әуезов алғаш рет кино сценарийін жазғанда Абайдың бейнесін барлық адам баласына үлгі болатындай идеал тұлға ретінде сомадады. Фильмде Абай бейнесі адал махаббаттың қорғаушысы ретінде суреттеледі. Оқиға желісінде Айдар өзінің сүйгенін, көрші ауылдың жесірін ұрлап әкеліп үйлену арқылы дәстүрлі әдет-ғұрыпты бұзады. Бұл жағдай қазақ қоғамындағы ата салт пен жеке тұлғаның еркін таңдауы арасындағы қайшылықты бейнелейді. Ақсақалдар кеңесінде Абай Айдардың әрекетін қорғап, оның махаббат жолындағы қадамын ақтап шығады. Бұл көрініс Абайдың адамгершілік құндылықтарды дәстүрлі нормалардан жоғары қоятын тұлға ретінде танытады.

Сонымен қатар, туындыда Абайдың халық арасында зор сүйіспеншілікке бөленгені, оны құрметтейтін достары көп болғанымен, қарсыластары да аз болмағаны көрсетіледі. Әсіресе, Ерден бай мен діндар Шәріптің Абайға қарсы әрекеттері дәуірлік әлеуметтік қайшылықтардың көрінісі ретінде беріледі. Шәріптің Абайды халықпен арадастыруға тырысқан әрекеттері нәтижесіз аяқталады. Алайда ол ақыры қастандықпен у беріп, Абайдың өмірін қиюға дейін барады. Бұл көріністер арқылы фильм қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы қайшылықтарды, дәстүр мен адамгершілік құндылықтарының тоғысын, сондай-ақ Абайдың халық алдындағы тарихи-мәдени рөлін көркемдік тұрғыда айшықтайды. Бүгінгі кино танушылық көзқараспен қарағанда кинода театр сахнасына лайықталған оқиғалардың басым екенін көреміз. Әрине өткен ғасырдың орта шеніндегі алғашқы қазақ киносы үшін бұл зор жеңіс болатын. Абай бейнесін талантты актер Қалибек Қуанышбаев сомдағаны ақын образының сәтті шығуына ықпалы болды деп санаймыз. Кинода қазақ театр өнерінің майталмандары: Қапан Бадыров, Серке Қожамқұлов, Елубай Өмірзақов, Шәкен Айманов, Әмина Өмірзақов, Шолпан Жандарбекова сияқты және басқа да дарынды актерлар ойнады. Кеңестік кино өнерінде Абайдың бейнесі «қоғамдық прогрестің жаршысы», «реакцияға қарсы күрескер» ретінде ұсынылды. Мұнда Абайдың әдеби-философиялық қырынан қарағанда, саяси-ағартушылық ерекшелігі алдыңғы қатарға шықты. Бұл кезеңде Абай бейнесі ұлттық мәдени кодтан гөрі идеологиялық талаптарға икемделген еді.

Абайды сахнада және кинода сомдаған актерлердің әрқайсысы бейнеге өзіндік реңк берді. Қалибек Қуанышбаевтың орындауында Абай – халық қамын жеген ұстаз бейнесінде көрінсе, Әнуар Молдабеков сомдаған Абайда философиялық тереңдік басым болды. Әр актердің ішкі психологиялық ойын жеткізуі ақын бейнесін әр қырынан ашып, экрандық портретті көркем етіп отырды.

Қазіргі заманымызда жарық көрген «Абай жолы» телехикаясының басты ерекшелігі екі хронологиялық кеңістікті қатар көрсетуінде. Алғашқысы Абайдың өмірі мен қоғамдық ортасы және шығармашылық жолына арналған сюжеттік желі. Екіншісі, Мұхтар Әуезовтің осы ұлы тұлға туралы роман-эпопеяны жазу барысы мен тарихи уақыттың қоғамдық-әлеуметтік ерекшелігін айқындайды.

«Абай жолы» телехикаясының визуалды шешімінде ұлттық мәдени кодтар, атап айтқанда табиғат пейзаждары, домбыра үні, дәстүрлі киім мен тұрмыс заттары арқылы беріледі. Бұл экрандық кеңістіктегі ұлттық бірегейлікті көрнекі ету тәсілі деуге де болады.

Сонымен қатар, сериалдағы актерлік ойын мен режиссерлік шешімдерде дәуір шындығы мен тұлғаның философиялық болмысын көрсетуге ұмтылыс байқалады. «Қазақ руханиятының тірі символы» ретінде Абайдың ойшылдығы мен гуманистік ұстанымы басты тақырыпқа айналған.

Телехикаяның аталған жетістіктерімен қатар бірнеше көркемдік және құрылымдық кемшіліктері де айтылды. Алдымен сюжеттік ықшамдау негізінде оқиғаның тарихи толықтықтың бұзылған. Төрт томдық романның мазмұнын алты серияға сыйғызу барысында көптеген эпизодтар қысқарып, тарихи және әлеуметтік контекст толық ашылмаған. Театрализм мен кинематографиялық шектеулілік негізінде туындының көріністерінде сахналық тәсілдердің басымдығы көрінеді. Бұл киноның динамикасын бәсеңдетіп, экрандық бейненің табиғи әсерін әлсіретеді. Телехикаяда көркемдік шешімдер үшін кейбір тарихи деректер екінші қатарға ысырылған. Бұл көрерменнің тарихи қабылдауында «тұлға бейнесінің мифологизациялануы» процесін туғызған.

**Қорытынды.** «Абай жолы» телехикаясы қазақ мәдениетінің экрандағы жаңа форматының айғағы. Ол көркемдік ізденістер мен ұлттық жадтың қайта жаңғыруының үлгісі деуге болады. Бүгінгі күні Абай бейнесі кино өнерінде тек тарихи кейіпкер ғана емес, ұлттық бірегейліктің, рухани тұтастықтың және адамзаттық құндылықтардың бейнесіне айналды. Абай Құнанбайұлы бейнесінің кинодағы көркемдік интерпретациясы қазақ мәдениетінің даму жолын айқындайтын маңызды мәдени феномен деуге толық негіз бар.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Mulvey, Visual Pleasure and Narrative Cinema, 1975. <https://www.amherst.edu/system/files/media/1021/Laura%20Mulvey>
2. Кәрібаев Б. Қазақ киносындағы тарихи тұлғалар бейнесі. // Кинотану еңбектері жинағы. – Алматы, 2012. – 55–72 бб.
3. Шағатай Б. Қазақ кино өнеріндегі әдеби кейіпкердің трансформациясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

4. Kassymbekova, A. Representation of Abai in Soviet Cinema. – Central Asian Review, 2015.
5. Werner, C. Cultural Icons in Kazakh Cinema: From Abai to Independence. – Routledge, 2017

## МРНТИ 26.25.44

### А. КЕМЕЛБАЕВА ПРОЗАСЫНДАҒЫ АВТОФИКШН ЭЛЕМЕНТТЕРІ

*Анар АБДУЛЛИНА*, Alikhan Bokeikhan University  
Семей, Қазақстан ([anar.abdullina@rambler.ru](mailto:anar.abdullina@rambler.ru))

**Аннотация.** Мақалада ХХІ ғасыр әдебиетінде кеңінен тараған автофикшн жанрының табиғаты мен ерекшелігі қарастырылады. Жанрдың басты ерекшелігі — автор мен кейіпкердің тоғысуы, шынайылық пен қиялдың араласуы. Зерттеу нысаны ретінде Айгүл Кемелбаеваның шығармаларындағы автофикшндік элементтер талданады. Авторлық «меннің» көркем бейнеленуі, әйел тұлғасының рухани ізденісі мен психологиялық тереңдігі айқындалады. Автофикшн қазақ прозасында жаңа көркемдік бағыт ретінде бағаланады.

**Кілт сөздер:** автофикшн, автобиографиялық қиял, Айгүл Кемелбаева, авторлық «мен», кейіпкер бейнесі, ішкі әлем, заманауи қазақ прозасы.

**Аннотация.** В статье рассматривается природа и особенности жанра автофикшн, получившего широкое распространение в литературе ХХІ века. Основное внимание уделяется синтезу реальности и вымысла, а также слиянию автора и персонажа. Анализируются автофикшнные элементы в произведениях Айгуль Кемелбаевой. Подчеркивается художественное воплощение авторского «я», внутренний мир и духовные поиски женской личности. Автофикшн рассматривается как новое направление в современной казахской прозе.

**Ключевые слова:** автофикшн, автобиографический вымысел, Айгуль Кемелбаева, авторское «я», образ персонажа, внутренний мир, современная казахская проза.

**Abstract.** The article explores the nature and characteristics of the autofiction genre, which has become prominent in 21st-century literature. The study focuses on the blending of reality and imagination, as well as the merging of author and character. Autofictional elements in Aigul Kemelbayeva's works are analyzed. The paper highlights the artistic representation of the author's self and the spiritual and psychological depth of the female protagonist. Autofiction is viewed as a new creative trend in modern Kazakh prose.

**Keywords:** autofiction, autobiographical fiction, Aigul Kemelbayeva, author's self, character image, inner world, contemporary Kazakh prose.

**Кіріспе.** ХХІ ғасырда түрлі әдеби ағымдар мен бағыттар қарқынды дамыды. Әсіресе автофикшн жанры әдеби, ғылыми, маркетингтік беделге ие бола бастағаны да белгілі. Алайда көркем прозада автофикшннің өзіндік қызметі бар. Сыртқы пішіні жағынан мемуарлық, деректі, автобиографиялық жанрларға келгенімен, автофикшннің ерекшелігі – шынайы өмір мен қиял араласып, автор кейіпкер рөлінде келеді де, көркемдік еркіндікке құрылады. Яғни өз өмірін көркем түрде баяндау, шындық пен қиялды еркін араластырады. Бұл тәсілде шынайы өмірлік жағдаяттар, автордың басынан өткен оқиғалары мен ойдан шығарылған детальдар шегарасыз араласып жатады. Басты ерекшелігі мынада деп айтуға болады: